

## Жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсы

Өтініш қабылдау 13-20 шілде 2020 ж.

Конкурс өткізу мерзімі 21 шілде - 1 тамыз 2020 ж.

### Қажетті құжаттар:

- 1) белгіленген үлгідегі бланкіде немесе web-қосымша жүйесі арқылы өтінішті;
- 2) білімі туралы құжатты (төлнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) фото 6 дана (3x4);
- 5) ҰБТ сертификаты;
- 6) 086-У нысаны бойынша медициналық анықтаманы (бар болған жағдайда);
- 7) ведомостан үзіндіні (арнаулы емтиханды талап ететін, оның ішінде "Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
- 8) IELTS, TOEFL IBT, TOEFL ITP халықаралық сертификаттарының көшірмесін (бар болған жағдайда).

9) Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары - көрсетілетін **қызметті алушылар артықшылықты құқық және квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.**

10) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде **бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар** мынадай құжаттардың бірін:

- 1) еңбек кітапшасы (төлнұсқа салыстыру үшін көрсетіледі);
- 2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
- 3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы;
- 4) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелері және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;
- 5) мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шартын;
- 6) еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;
- 7) жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді.

Көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.